

№1 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: ЖШС «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 29.08.2023 ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту
Баяндама: Меңгеруші Мырсейтова Э.С.
2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері бойынша нұсқау
Баяндама: Әдіскер Жүрсін Н
3. Әр түрлі мәселелер:
Күн тәртібі
Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі
Перспективалық жоспар
Циклограмма құрылымы

ТЫҢДАЛДЫ

1-мәселе бойынша: меңгеруші Мырсейтова Э.С. 2023–2024 оқу жылының жылдық жоспарын таныстырып, оқу-тәрбие үдерісін жаңаша ұйымдастыру, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету және педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру бағыттарын атап өтті.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші: Сыздық Ш. педагогтар жылдық жоспардың мазмұнын қолдап, оның балалардың жас ерекшеліктеріне сай құрылғанын және практикалық тиімділігін атап өтті. Кейбір тәрбиешілер ойын арқылы оқыту әдістерін көбірек енгізу туралы ұсыныс білдірді.

2-мәселе бойынша: Әдіскер Жүрсін . еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері бойынша нұсқау өткізіп, жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтау, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын түсіндірді.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші: Қ.Жексенбаева Ұжым мүшелері қауіпсіздік ережелерінің маңыздылығын атап өтіп, нұсқаулықтардың тұрақты түрде жаңартылып отыруын және практикалық жаттығулар өткізуді ұсынды.

3-мәселе бойынша: әдіскер Жүрсін Н. Күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, перспективалық жоспар мен циклограмма құрылымдары талқыланып, жаңа оқу жылы талаптарына сәйкес біріздендіру ұсынылды.

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші: Ахмедова М. Педагогтар құжаттардың жүйелілігін қолдап, жоспарлау барысында уақытты тиімді пайдалану және балалардың қызығушылығын арттыратын элементтерді енгізу қажет екенін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. 2023–2024 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.
2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік нұсқаулары тұрақты жүргізілсін.
3. Күн тәртібі, іс-әрекет кестесі, перспективалық жоспар және циклограмма құрылымы бекітілсін.
4. Педагогтар ұсыныстары ескеріліп, жұмыс барысында қолданылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Мырсейтова Э.С

Хатшы:

Жүрсін Н.Б.